

2014 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 ақпандағы № 108 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 ақпанда № 2536 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімі аппаратының 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 231 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімі аппаратының 16.01.2015 № 231 хатымен).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5)-тармақшасына сәйкес, Отырар ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері қ о с ы м ш а с ы н а с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты б о л а д ы .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 30.06.2014 № 455 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б . И б а д у л л а е в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Полатов

Отырар

ауданы

әкімдігінің

2014

жылғы

«11»

ақпан

№

108

қаулысымен бекітілген

**2014 жылы ақшы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі,
қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және олардың қаржыландыру
көздері**

P/c	Ұйымдардың атауы	Жылына қоғамдық жұмыстарға сұраныс (адам саны)	Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері	Қаржыландыру көздері
1	Отырар ауданы әкімдігінің «Аққұм ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	25	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту - 15000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу- 320 түп	Аудандық бюджет
2	Отырар ауданы әкімдігінің «Ақтөбе ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	18	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту - 15000 шаршы метр	Аудандық бюджет
3	Отырар ауданы әкімдігінің «Балтақөл ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	40	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту - 15000 шаршы метр ағаш көшеттерін отырғызу- 250 түп	Аудандық бюджет
4	Отырар ауданы әкімдігінің «Қарақоңыр ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту - 15000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу- 2500 түп	Аудандық бюджет
5	Отырар ауданы әкімдігінің «Қарғалы ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту - 15000 шаршы метр	Аудандық бюджет
6	Отырар ауданы әкімдігінің «Қоғам ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	30	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту - 15000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу- 200 түп	Аудандық бюджет
7	Отырар ауданы әкімдігінің «Көксарай ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	25	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту - 25000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу- 280 түп	Аудандық бюджет
8	Отырар ауданы әкімдігінің «Маяқұм ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	25	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту - 20000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу- 5780 түп	Аудандық бюджет

9	Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	30	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту - 20000 шаршы метр, саябаққа көшет отырғызу 5000 түп	Аудандық бюджет
10	Отырар ауданы әкімдігінің «Талапты ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	24	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту - 20000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу- 560 түп	Аудандық бюджет
11	Отырар ауданы әкімдігінің «Темір ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	22	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту - 20000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу- 600 түп	Аудандық бюджет
12	Отырар ауданы әкімдігінің «Шілік ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	10	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту - 10000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу- 1400 түп	Аудандық бюджет
13	Отырар ауданы әкімдігінің «Шәуілдір ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	70	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту - 60000 шаршы метр	Аудандық бюджет
14	Отырар ауданының прокуратурасы	3	Аумақтардың көгалдандыру және абаттандырулары, бағалы қағаздарды, бандерольдерді, пошталарды жеткізу. Ғимараттардың қызметшісі	Аудандық бюджет
15	«Оңтүстік Қазақстан облыстық Ішкі істер Департаментінің Отырар ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі	28	Қоғамдық тәртіпті сақтауға көмек көрсету - 13 ауыл округі	Аудандық бюджет
16	Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Отырар аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	25	Мекеме аумағында көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту - 10000 шаршы метр, дуалдарды ақтау-5000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу-120 түп	Аудандық бюджет
17	Отырар ауданы әкімдігі Отырар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Отырар-Көгалдандыру» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	100	Аудан орталығын көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту-20000 шаршы метр, тал егу - 30000 дана, 245 гектар жерге күздік көшет егу, 280 гектар саябақтарды күтіп баптау, күзгі дайындық жұмыстары 140 гектар	Аудандық бюджет
18	Отырар ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Отырар-Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	15	Қазандыққа от жағушы жұмысына көмекші-2 қазандық, жылу жүйесінің дайындығы, тазалық жасау үшін - 810 метр жылу құбыры	Аудандық бюджет

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.